

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылған) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты
2024-2025 оқу жылы атқарылған
ғылыми-әдістемелік жұмыс туралы
ЕСЕП

2024-2025 оқу жылы мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысы «Цифрландыруды оқу процесінде пайдалану арқылы педагогикалық ұжымның кәсіби шеберліктерінің өсуіне ықпал жасау» әдістемелік тақырыбында жүргізілді. Әдістемелік жұмыстың мақсаты: Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылығын жетілдіру. Міндеттері: ЖИ негізінде мұғалімдерге әдістемелік тәсілдерді жүзеге асыруға, педагогикалық бағыттағы шығармашылық ізденісте болуға, біліктілік арттыру курстарында оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеуге, сабактарды жоспарлауға, оқу жетістіктерін бағалауға, қолданыстағы білім беру бағдарламаларын, жоспарларын, мемлекеттік білім стандарттарын оқып, зерттеу жұмыстарын үйімдастыруға, жаңа нормативтік құжаттар, нұсқау-әдістемелік материалдармен танысуға, жас мамандарға, жаңадан келген педагогтарға ғылыми-әдістемелік жұмысында, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық құзыреттілігін дамытуға дербес және жеке көмек көрсету. Осы мақсат пен міндеттерді орындауда педагогтар жыл бойы педагогикалық және әдістемелік кеңестерге, ғылыми-практикалық конференциялар мен форумдарға, педагогикалық оқуларға, семинар-тренингтерге белсенді қатысты, шығармашылық есептер жасады, кәсіби конкурстарға қатысты, біліктілік курсары мен аттестаттаудың тестілеуіне барды, шебер-сыныптар мен ашық сабактар, коучингтер өткізді, дарынды оқушылармен жұмыс негізінде халықаралық, республикалық, облыстық конкурстар мен олимпиадаларға оқушыларын қатыстырып жетістіктерге жетті. Мектептің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында әр апта сайын оқу-әдістемелік жұмыс бойынша ақпарат мектеп сайтына, әлеуметтік желілердегі парапқа орналастырылып тұрды.

Инновациялық қызметті дамытудың тиімділігі:

2024 - 2025 оқу жылы мектеп-интернатында 36 педагог жұмыс атқарды, оның ішінде магистрлік дәрежесі бар 9 педагог. Барлық педагогтар пәндер негізінде топтасқан әдістемелік топтарда жыл бойы әдістемелік жұмысқа белсенді қатысты. Педагогтердің жалпы санынан «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар педагогтердің үлесі 42% құрайды.

Педагогтар саны	Біліктілік санаттары									
	Шебер	Зерттеуші-	Сарапшы	Модератор	% үлесі	Жоғары	Бірінші	Екінші	Жоқ	% үлесі
36	0	13	0	10	42%	2	0	0	11	58%

Мұғалімдердің кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында биылғы оқу жылы 6 педагог біліктілік курстарынан өтті. Барлық педагогтар курс бағдарламасы бойынша 80 сафатты менгеріп, модульдер бойынша тиісті білім мен дағдылардың көрсетіп, біліктілікті арттыру курсының сертификаттарына ие болды. Жаз айларында да педагогтерді біліктілік курсарына жіберу жоспарлануда.

2024-2025 оқу жылы біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогикалық қызметкерлердің тізімі

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Тақырыбы	Уақыты	Өткен орны
1	Курмашева Анаргуль Назымбековна	Жаһандық құзыреттер	Орта білім берудегі жаһандық құзыреттілік курсы	26.05 – 05.06 2025 ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0866400
2	Болатов Байжан Жанболатович	Физика	"Пәнаралық интеграция негізінде физика пәнін тәжірибеге бағыттап оқыту"	26.05 – 05.06 2025 ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0866514
3	Онгарбай Жулдыз	Қазақ тілі мен әдебиеті	"Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту"	26.05 – 05.06 2025 ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0866426
4	Ахат Алтыншаш Досымбекқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті	"Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту"	09.06- 20.06 2025ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0866783
5	Даuletкалиева Толкан Болатбековна	Қазақ тілі мен әдебиеті	"Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту"	09.06- 20.06 2025 ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0866784
6	Айдарханов Алихан Нурланович	Ағылышын тілі	"Развитие рецептивных и продуктивных навыков в преподавании и обучении английскому языку"	09.06- 20.06 2025 ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0866732

Педагогикалық шеберлік пен ғылыми зерттеу және мұғалімнің іскерлік біліктілігін шығармашылық ізденіске қызығушылығын арттыру, оқу-тәрбие процесінің сапасы мен тиімділігін жақсарту мақсатында мектепте 4 әдістемелік бірлестік күрылды: «Тілдер және тарих бірлестігі», «Химия, биология және география бірлестігі», «МИФ бірлестігі» және «Эстетикалық және дene тәрбиесі бірлестігі». Бірлестіктер озық іс тәжірибелі жинақтап,

педагогикалық ғылым жетістіктері мен озық іс - тәжірибелі мектеп өміріне енгізуге мүмкіндік тудырып, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру сұрақтары бойынша әдістемелік жұмыстар жүргізді.

Жыл бойы бірлестіктер коучинг, шебер-сынып, семинар - тренингтар, ашық сабактар мен интеллектуалдық сайыстар жоспарлап өткізді. Барлық ақпарат әлеуметтік желідегі параққа орналастырылып тұрды.


Жаратылыстану-математикалық, қоғамдық - гуманитарлық цикл мұғалімдері арасында пәндей-әдістемелік құзыреттер мен ғылыми әлеуетті дамыту контекстінде озық, инновациялық тәжірибелі жинақтау және тарату, сондай-ақ педагогтердің өздігінен білім алу және кәсіби өзін-өзі дамыту процестерін ынталандыру үшін тәжірибе алмасу бойынша мектеп педагогтары облыстық, республикалық деңгейде өткен конференцияларға, форумдар мен семинарларға және кәсіби конкурстарға белсенді қатысты, сөз сейледі.

2024 жылдың 28-30 қазан күндері Ақмола облысы білім басқармасы қолдауымен "Ақмола дарыны" дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығымен бірлесе отыра, Абай желілік мектептері арасында V Республикалық «Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысы...» шешендік өнер байқауы өткізілді. Байқау алғаш рет жаңа форматта – окушылар жұптасып сайысу түрінде өтті. Республикалық Абай желілік мектептерінен келген окушылар бірінші күні Көкшетау қаласының музейлеріне саяхат жасаса, екінші күні «Бурабай – Қазақстанның інжу-маржаны» Бурабай мемлекеттік табиғи ұлттық паркіне барды.



29 қазан күні шешендік өнер байқауы аясында «Қазақ тілі мен әдебиеті, шешендік өнерді дамытудағы өзекті мәселелер мен жетістіктер» тақырыбында республикалық семинар өтті. Семинарға еліміздің 12 облысы мен қалаларынан келген ұстаздар тәжірибелерімен бөлісті және мектебіміздің казақ тілі және әдебиеті мұғалімдері Ахат А.Д., Онгарбай Ж., Даuletкалиева Т.Б., Муратов М.Б. және биология пәні мұғалімдері, оқу және бейінді оқыту орынбасарлары Мукашева А.Б., Торсунова Б.Р., тәрбие ісінің орынбасары Кайржанова М.Н., мектеп директоры Курмашева А.Н. – модератор болып, сөз сейледі. Павлодар, СКО және Астана қаласының Абай мектептерінің басшылары да семинарга қатысып, тәжірибе алмасты. Ұйымдастырылған семинар мектеп базасында өтсе, V Республикалық «Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысы...» шешендік өнер

байқауы «Bolashaq saraiy» ШЖҚ МҚК базасында өткізілді. Сайыста жеңімпаз атанған оқушылар мен жетекшілері ақшалай сертификациямен және арнайы сыйлықтармен марапатталды. Аталған іс – шара Ақмола облысы білім басқармасының және мектептің интаграм парақшасына салынды.



2024 жылдың 26 желтоқсанында «КОМЕКTIMES» бағдарламасы аясында Зеренді ауданы Дөңгілағаш негізгі мектебі ұжымымен оқу - әдістемелік бағытта Zoom платформасы арқылы онлайн семинар өткізілді.

Семинардың модераторы, мектеп директоры - Курмашева Анаргуль Назымбековна болса, семинардың алғы сөзін Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығы басшысының орынбасары Алдабергенова Аягоз Жунусовна бастап берді. Семинарға «Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы» КММ Жалпы орта білім беруді дамыту, үlestіру бөлімінің басшысы Омарова Айгуль Бекеновна қатысып, «Ақмола облысы бойынша «Қала мектептерінің ауыл мектептеріне қамқорлығы» жобасы аясында өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы» айтып баяндады. Негізгі спикерлер: Физика пәнінің мұғалімі, педагог - модератор Болатов Байжан Жанболатович ««Gamma app» тапсырмаларды құрастыруда қолданылатын жасанды интеллект (ЖИ) құралы» тақырыбында, химия пәні мұғалімі, педагог - модератор Сағатай Айдана Аскарқызы «Magic school платформасын» тиімді қолдану» тақырыбында, информатика пәні мұғалімі, педагог - модератор Караманова Гулнур Максетовна «Quizwhizzer платформасын сабактарда тиімді қолдану

арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру» тақырыбында тәжірибелерімен бөлісті. Семинар барысында сұрақтар қойылып, өзара кері байланыс жасалып отырды. Ұсыныс ретінде жоғарыда көрсетілген платформалар туралы таратпа материалдар жасалып, әдістемелік жинақ жасалу жоспарлануда. Қатысуши педагогтерге ұсыныстар айтылып, жеке кеңестер берілді.

16.04.25 күні биология пәнінің мұғалімі, экология магистрі, педагог – зерттеуші Маженова А.А. Ақмола облысы білім басқармасының «Әдістемелік орталығының» әдіскері Даниярова Ж.К. қатысуымен және Көкшетау қаласының «Өрлеу» біліктілікті арттыру үлттық орталығы АҚ педагогтердің кәсіби дамыту орталығы тренері Жуманбаева А.О., «Химия» пәні бойынша курс тыңдаушыларына және «Komektimes» жобасы негізінде Дөңгілағаш НМ ұстаздарына және өз мектебіміздің ұстаздарына «Авторлық бағдарлама – ұстаздың зерттеу жұмысы» тақырыбында семинар - практикум өткізді.



Семинар – практикум барысында ұстаздар топтарда жұмыс жасап, авторлық бағдарлама жазудың сатылары және критерийлерімен танысты. Авторлық бағдарламаның тақырыбын таңдау, сараптамадан сәтті өтудің қыр – сырларын айтып өтті. Нәтижесінде тыңдаушылар алғыстарын айтып, алдағы уақытта бағдарлама жазуға бел буды.

««Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтар жүйесінің оқу-тәрбие үрдісінде жүзеге асырылуы» облыстық семинар кеңесінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бақытындағы жұмыстар жүйесі тақырыбында тәрбие ісінің орынбасары Кайржанова М.Н. тәжірибе алмасып сөз сейлекені үшін сертификат алды.

«Білім берудегі психологиялық қызметтің даму сатылары мен болжамдары. Аманымыздың өзекті мәселелері» атты I аймақтық форумына мектеп директоры, педагог – психолог Курмашева А.Н. және педагог – психолог Рысмагамбетова А.М. қатысты. Форум аясында Айдана Муратовна мақаласын жариялағаны үшін сертификатпен марапатталды.

Ағылшын тілі мұғалімі Айдарханов Алихан Нурланович «Digital literacies and AI: new trends in teaching English» тақырыбында өткізген семинарға қатысты және Macmillan education өткізген «Advancing learning seminar Engaging and Empowering learners: Innovative approaches to language teaching» семинарына қатысып, сертификат алды. Бұдан бөлек аймақтық дебат турнирлерінде төрешілік жасап, ағылшын лигасы мен қазақ лигасының төрешілік жасағаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

2025 жылды 29 сәуір күні Көкшетау қаласының Әл – Фараби атындағы IT – лицей базасында өткізген «Логикалық және олимпиадалық есептерді шешудің оңай жолдары» тақырыбында облыстық семинарға мектепбіміздің 3 математика мұғалімі Шалабаева А.Б., Курманалина А.С., Куспекова К.М. қатысты.

2024 - 2025 оқу жылды республикалық, облыстық кәсіби шеберлік конкурстарына 5 мұғалім қатысты. Жеңімпаз болған педагогтер саны - 5.

2024 жылдың 16 қазан күні қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог – зерттеуші Ахат Алтыншаш Досымбекқызы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.



«Үздік педагог-2024» облыстық кәсіби шеберлік байқауынада Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі Шокаев А.Е. жүлделі I орынды және 100 000 теңге сертификат иеленді.



Республикалық мега жоба «Оку және математикалық сауаттылық: табысты синергия» - Муратов М.Б. (3 орын)

2025 жылдың 14 - 16 наурыз күндері өткен «Дарынды балаларға-талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадасында информатика пәні мұғалімі педагог – модератор Караманова Г.М. грамота иеленді. Облыс деңгейінде 3 орынға ие болған.

17-19 наурызда өткен «Жаңа мектепке -жанашыл ұстаз» Республикалық кәсіптік байқаудың облыстық кезеңінде тарих пәнінің мұғалімі Темірбек И.Т. грамотамен марапатталды.

«Биология пәні мұғалімінің үздік педагогикалық жобасы» облыстық конкурсында биология пәнінің мұғалімі, жаратылыс ғылымдары магистрі, педагог – зерттеуші Торсунова Б.Р. III дәрежелі дипломмен марапатталды.



Бейінді оқыту жұмысын іске асыру мақсатында Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетімен, «Bolashaq saraiy» ШЖҚ МКК меморандум негізіндегі жұмыстары жалғасын тауып, химия, биология, физика, математика, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, ағылшын тілі және роботехника пәндерінен 8 - 11 сынып оқушыларына университет оқытушылары жеке тұлғага бағытталған сабактарды үйымдастырып, жүргізді.

2024-2025 оку жылының оку жоспарының вариативті бөлімі бойынша 17 педагог таңдау курсары, бейіндік пәндер бойынша және 8 педагог элективті курсарының авторлық бағдарламаларын әзірледі. Барлық курс бағдарламалар мектепішлік оқу-әдістемелік кеңесте қаралып, бекітілді. Тәрбиешілер қатарынан 3 педагог «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде тәрбие жұмыстарының әдістемелік құралдарын да ұсынды.

Мектептің 8 педагогі ағымдағы оку жылы облыстық, республикалық сараптамалық кеңестер мен конкурстық комиссиялар мүшесі ретінде жұмыстар атқарды.

Республикалық «Оқу-әдістемелік оку кешендеріне» сараптамалық талдау жасауға биология пәнінің мұғалімі Торсунова Б.Р., облыстық «Әдістемелік орталық» шақыруымен «Авторлық бағдарлама» жұмыстарының сараптамасын жүргізуге биология пәнінің мұғалімі Маженова А.А. қатысты. 30 қазан күні өткен «Ауыл олимпиадасы» облыстық кезеңінде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Онгарбай Ж. Және ағылшын тілі мұғалімі Мухамеджанов И.Т. жюри қызметін атқарды. Облыстық, республикалық деңгейде робототехника байқауларында информатика пәні мұғалімі Шарипов А.Б. сарапшы болса, облыстық «Жас skills» байқауында көркем еңбек пәнінің мұғалімі Шаяхметова С.С. және биология пәні мұғалімі Маженова А.А. сарапшы болды. Аймақтық дебат турнирлерінде мектебіміздің тарих пәнінің мұғалімі Темірбек И.Т. төрешілік жасап, «Үздік төреші» номинациясын иеленсе, ағылшын тілі мұғалімі Айдарханов А.Н. ағылшын және қазақ лигасында төре болып, алғыс хатпен марапатталды.

Жыл бойы педагогтер өз тәжірибесімен белісу, тарату мақсатында баспасөз беттеріне интернет - сайттарына өз жұмыстарын жариялада отырды.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Мақаланың тақырыбы	Шыққан баспаның немесе интернет-сайтының атауы, басқан айы, жылы
1.	Торсунова Б. Р.	Биология	7 – сынныңқа арналған «Биология» оқулығындағы терминдер бойынша оқушылардың жұмысын үйымдастыру	«Қосымша білім және тәрбие» республикалық оқу-әдістемелік журналы №1 (7) 2025 жылғы наурыз, 139 бет
			CLIL технологиясын қолдана отырып, биология пәнін ағылшын тілін оқытудың теориялық негіздері	«Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті. Наурыз 2025 ж.
2.	Жетписбаева К.Б.	Орыс тілі мен әдебиеті	Актуальные лингвистические вызовы и тенденции развития современного русского языка (Баянбай Ө. 8 – сыннып оқушысы)	Ш.Уәлиханов атындағы КУ «Мектеп және университет: ғылыми ынтымақтастық көкжиегі» атты ғылыми – тәжірибелік конференциясы, 2025 жыл

3.	Мухамеджанов И.Т.	Ағылшын тілі	Языковой ландшафт кокшетау: роль Англицизмов в современных реалиях	Халықаралық конференция жинағы, Павлодар қ., 2024 жыл
			Организация психолингвистического эксперимента для анализа мотивационной рефлексии учащихся монолингвов и билингвов 7 классов	Көкшетау университеті жинағы, филология сериясы, 2024 жыл
			Система упражнений для развития образного мышления на уроках английского языка: теоретические основы	Сборник РИНЦ, г. Томск, 2025 жыл
4.	Шарипов А.Б.	информатика	Жалпы білім беру мектептерінде оқу ісінің менгерушісінің автоматтандырылған жұмыс орнын күру	«Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті. 2025 ж.
5.	Муратов М. Б.	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ әдебиеті сабакында жасанды интеллект және АКТ құралдарын тиімді пайдаланудың жолдары	«Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті. 2025 ж.
6.	Темірбек И.Т.	Тарих	Проблемалық әдістердің қолданылуы: тарих сабакында	«Ustaz tilegi» Республикалық ғылыми – әдістемелік журналы 2023 ж.
7.	Рысмагамбетова А.М.	Педагог - психолог	Музыка терапиясы. Музыка терапиясының психологиядағы маңызы	«Білім берудегі психологиялық қызметтің даму сатылары мен болжамдары. Аманымыздың өзекті мәселелері» атты I аймақтық форумы

Аттестация бойынша жұмыс

2024-2025 оку жылында аттестаттаудан өтүге басшы - 1, 8 педагог және 3 тәрбиеші өтініш білдірді. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің тізімі педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді. Ұлттық біліктілік тестілеуіге өтініштері бойынша 6 мұғалім және 2 тәрбиеші қатысып оң нәтиже көрсетті. Мектеп директоры Курмашева А.Н. – «бірінші санатты басшы» санатына, Темірбек И.Т., Мухамеджанов И.Т., Атетова К.А., Кудулова Г.А., Досжанова А.К. – «педагог-модератор» санатына, Торсунова Б.Р.. – «педагог - зерттеуші» (растай), Шарипов А.Б., Муратов М.Б. мерзімінен бұрын «педагог-сарапшы», Каратаев Е.А., Нығметжан Ж.С. - «педагог-сарапшы» және Кабдушева А.Ж. – «педагог – шебер» біліктілік санатына тапсырды. 2024-2025 оку жылында «Ұстаз» платформасы арқылы «педагог – модератор» және «педагог – сарапшы» біліктілік санатына үміткер педагогтер портфолиосын жүктеді. Торсунова Б.Р. және Кабдушева А.Ж. қызмет нәтижелерін (портфолио) кешенді талдамалық жинактау кезеңіне «Еgov мемлекеттік қызметтер» порталы арқылы тапсырды.

Мектепішілік бақылау жоспарын іске асыру

Оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайын бақылау мақсатында бейінді оқыту және ғылыми-әдістемелік жұмыстары бойынша мектепішілік бақылау жүргізді. Элективті, таңдау пәні бойынша курстарын тиімді оқытылуы, биология, химия, физика, информатика пәндері бойынша курстар мен пәнді ағылшын тілінде оқытылуы, педагогтердің өзідігінен білім алу жоспарының және зерттеушілік жұмыстарының орындалуы, мұғалімдердің ЖИ құралдарын қолдана отыра оқыту сапасы, біліктілік курсарынан уақытында өтуі, бірлестіктердің жұмыс жоспарын орындалуы, шебер-сыныптардың өтуі, оқушылардың пәндік олимпиадаларға және зерттеу жұмыстарына дайындық жағдайы, аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің оку - тәрбие жұмыстарының тиімділігі, өзара сабакқа қатысу сұраптарты жыл бойы бақылауда болды.

Дарынды оқушылармен атқарылған жұмыстың жылдық есебі 2024-2025 оку жылы

2024-2025 оку жылы дарынды балалармен жұмыс «Оқушылардың жеке тұлғалық зияткерлік және шығармашылық құзыреттілігін дамыту» мақсатында жүргізді.


Мектепте дарынды балалармен жұмыс З бағытта жүргізіледі:

- «Олимпиадалық резерв» мектебі
- «Жас ғалым» оқушылардың ғылыми қоғамы
- «Жетістікке жол» жобасы

Дарынды балаларды дамыту және оларға қолдау көрсету мақсатында оқушыларды әртүрлі пән олимпиадаларына, ғылыми жобалар қорғау конкурстарына, интеллектуалдық, шығармашылық сайыстарына белсенді қатыстырамыз. Жылдан жылға оқушылардың осындей іс-шараларға қатысуы және женімпаз саны артып келеді.

Соңғы 3 жылда 341 оқушы жүлделі орындарға ие болып дипломдармен және 32 оқушы грамотамен марапатталды.

№	Оқу жылдары	Жүлделі орындар саны			Грамота	Барлығы жүлделі орын
		1-орын	2-орын	3-орын		
1	2022-2023	25	46	54	6	125
2	2023-2024	25	23	28	14	76
3	2024 - 2025	35	50	55	12	140
Барлығы		85	119	137	32	341



Мектебімізде «Олимпиадалық резерв» мектебі жоспары негізінде республикалық, облыстық, мектепшілік олимпиадаларға, ғылыми жоба, шығармашылық конкурстарына, интеллектуалдық ойын-сайыстарына қатысатын оқушылардың деректер банкісі құрастырылған. Жыл сайын осы деректерді қолданып оқушыларымызды әр түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен конкурстарға қатыстырамыз. Әр оқу жылының соңында қорытындылау жұмыстары жүргізіліп, әр сыйнып бойынша мониторинг жасалынады, «Дарынды оқушылармен жұмыс» портфолиосына деректер жинақталып, жетістіктер банкін құрастырылады, «Олимпиадаларға қатысатын оқушылар», «Ғылыми жарыстарға қатысатын оқушылар», «Шығармашылық конкурстарға қатысатын оқушылар» атты тізімдер құрастырылады. «Жас ғалым» ОФҚ құрамында 3 секция жұмыс атқарады, «Биоэколог», «Жас жігер», «Жас қырандар». 2024 - 2025 оқу жылына облыстық ғылыми жобалар іріктеу кезеңіне 40 оқушы 35 ғылыми жоба ұсынып отыр.

Оқушылардың өзіндік ойлауларын, шығармашылық пен белсендіктерін дамыту және ынтасын арттыру үшін оқу жоспарының вариативтік бөлігі негізінде қосымша курстар мен олимпиадалар мен ғылыми жоба бойынша жеке тұлғаға бағытталған курстарында Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті оқытушылары дайындық жұмыстарын жүргізіледі.

Дарынды оқушы деректерін жинақтау схемасы

Мектеп директоры

**Басқару
шешімдерін
қабылдау**

Бейінді оқыту, оқу ісінің, тәрбие ісінің орынбасарлары

Талдау, қорытындылау

Деректер банкін қалыптастыру

Мұғалімдердің шығармашылық топтары

Оқыту бағдарламаларын

жүйелене және жөндеу


Педагог-психолог

Психодиагностика, жұмыс әдістерін таңдау

Педагогтер, сынып жетекшілері, ОФҚ секция жетекшілері

Портфолио: Деректер жинау, фото, жетістіктер банкін құру

Дарынды балаларды марапаттау жүйесі:



Облыстық, республикалық, халықаралық пәндік олимпиада , ғылыми жоба конкурсының, шыгармашылық байқаулардың қорытындысына аналитикалық талдау

2024-2025 оқу жылды облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде өткізілген 35 олимпиадалар мен конкурстарға 192 оқушы қатысты. Оның 140 - сі жүлделі орындарға ие болып дипломдармен марапатталды. Тиімділігі – 73%. Грамотамен 12 оқушы марапатталды.

Денгейі	Барлығы қатысушылар	Барлық жүлдегерлер	Жүлделі орындар			Грамота	Тиімділігі %
			1-орын	2-орын	3-орын		
Облыстық	128	88	15	39	34	10	69%
Республикалық	62	52	20	11	21	2	84%
Халықаралық	2	0					
Барлығы	192	140	35	50	55	12	73%

Жалпы білім беретін пәндер олимпиадалары:

2025 жылдың қантар айында мамандандырылған мектеп оқушыларына арналған математика, физика және информатика пәндері бойынша халықаралық 21 – ші Жәутіков олимпиадасына Қабақбай Томирис пен Қайролла Асанәлі қатысты. Қатысушы сертификаттарымен марапатталды.

2024 – 2025 оқу жылдың 07.10 - 09.10 күндері өткен Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиадасының облыстық кезеңіне 4 оқушы қатысты. Нәтижесінде Базей Шұғыла 2 орынға ие болды және дипломмен марапатталды. Пән мұғалімдері Шалабаева А.Б., Куспекова К.М., Маженова А.А., Сағатай А.А. Тиімділігі: 25%.

Облыстық «Лингвистика» олимпиадасына мектептен 2 оқушы бақ сынасты. Нәтижесінде оқушылар тек сертификаттармен марапатталды.

2025 жылдың қантар айының 3-8 күндері өткізілген жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиадасының облыстық кезеңіне 30 оқушы қатысып, 15 жүлделі орын және 4 грамота иеленді. 5 оқушы Республикалық олимпиадаға жолдама алды. Оның ішінде математика пәнінен Сері Дияр, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Құлшымбек Қарлығаш, Қазақстан тарихы пәнінен Қалымтай Айша, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен Сейсен Әлима, Касенова Дария. Тиімділігі: 50%. Жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндер бойынша жетекшілері: Шалабаева А.Б., Куспекова К.М., Мукашева А.Б., Сағатай А.А., Нығметжан Ж.С., қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы жетекшілер: Онгарбай Ж., Даuletкалиева Т.Б., Муратов М.Б., Жетписбаева К.Б., Әдей Ж., Темірбек И.Т.

Облыс көлемінде мектеп қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша «Үздік олимпиадалық команда – 2025» кубогы мен 3 дәрежелі дипломға ие болды.

Республикалық олимпиадада қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Құлшымбек Қарлығаш 3 орын, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен Сейсен Әлима 1 және Касенова Дария 2 орын иеленді. Пән мұғалімдері: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Онгарбай Ж. және орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жетписбаева К.Б. Тиімділігі: 60%.

2024 – 2025 оқу жылында республика көлемінде Абай мектебі «100 үздік олимпиадалық мектеп» қатарына еніп, рейтингтің 51 орнына орналасты.

2025 жылдың 29 - 30.04 күндері жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиадасының облыстық кезеңіне 18 оқушы екі бағыт бойынша қатысты. Нәтижесінде жүлделі 9 орын және 1 грамота иеленді. 1 орын – биология пәнінен Маратова Жансая (8 - сынып), жетекшісі Маженова А.А., 2 орын – физика пәнінен Маман Мерей (7 - сынып), Абуова Дильназ (8 - сынып),

жетекшісі Болатов Б.Ж., химия пәнінен Әзірет Әли (7 – сынып), жетекшісі Сағатай А.А., биология пәнінен – Зейнолла Дария (7 – сынып) жетекшісі Маженова А.А., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен – Жанузак Ажар (8 – сынып), жетекшісі Муратов М.Б., орыс тілі мен әдебиеті пәнінен – Жумабаева Лаура (7 – сынып), Баянбай Амина (8 – сынып), жетекшісі Жетписбаева К.Б., 3 орын – ағылшын тілі пәнінен – Жунусова Аружан (8-сынып), жетекшісі Мухамеджанов И.Т., грамота – математика пәнінен Темеш Мирас (8 – сынып), жетекшісі Шалабаева А.Б. Тиімділігі: 50%.

Республикалық олимпиадада Маратова Жансая биология пәнінен қатысып, 1 орын иеленді. Жетекшісі: Маженова А.А. Тиімділігі – 100%.

Мамандандырылған олимпиадалар:

07-08 акпап күндері 7-11 сынып оқушыларына арналған қазақ тілінен "Жарқын болашақ" олимпиадасының облыстық кезеңіне 5 оқушы қатысты. Нәтижесінде Кабылжапарова Махаббат 2 орын, жетекшісі Онгарбай Ж., Исламбекова Аружан грамотамен марапатталды, жетекшісі Муратов М.Б. Тиімділігі: 20%.

11 – 13 наурыз аралығында «Яссауитану – 2025» байқауының облыстық кезеңіне мектептің 5 оқушысы қатысып, жүлделі 2 орынды иеленді. Атап айтқанда, Жақсылық Даюна – 2 орын, Мұратбек Жанерке – 3 орынды ұтып алды. Аталған оқушылар республикалық деңгейге жолдама алышп, Түркістан қаласында өткізілген байқауда Жақсылық Даюна – 1 орын және 100 000 теңге сертификатпен, Мұратбек Жанерке – 2 орын және 50 000 теңге ақшалай сертификатпен марапатталды.

17 – 18 наурыз күндері өткізілген Қ. Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен олимпиададының облыстық кезеңіне 3 оқушы қатысты. Облыстық деңгей Құлшымбек Қарлығаш 2 орын, жетекшісі Онгарбай Ж., Арын Нұрсөүле 3 орынды (жетекшісі Даuletкалиева Т.Б.) иеленді. Тиімділігі: 67%. Республикалық деңгейге Құлшымбек Қарлығаш жолдама алышп, 2 орын иеленді. Жетекшісі Онгарбай Ж. Тиімділігі: 100%.

2025 жылғы 17-19 сәуір күндері 5-11 сынып оқушылары арасындағы "Тарих ата" қашықтық олимпиадасында оқушылар ерекше жетістіктер көрсете білді. Атап айтқанда, 1 орын – 11 оқушы, 2 орын – 2 оқушы және 3 орын – 2 оқушы иеленді. Пән мұғалімдері: Эдей Жайнагул мен Темірбек И.Т.

2025 жылдың 23-24 сәуір күндері желілік Абай мектептері мен жалпы білім беретін 9-11 сынып оқушылары арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен "Абайтану" олимпиадасының республикалық кезеңіне Арын Нұрсөүле, Тогтау Иманғали және Әбдрайым Әлайдар қатысып, 9 сынып оқушысы Арын Нұрсөүле 3 орын және 10 сынып оқушысы Тогтау Иманғали грамота иеленді. Пән мұғалімдері: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері Даuletкалиева Т.Б., Онгарбай Ж. Тиімділігі: 33%.

2024 -2025 оқу жылдарың бірінші жартыжылдығында өткізілген "Қазақстан білім олимпиадасына" мектептің 7 оқушысы қатысты (10 – 11 сыныптар). Орын жоқ.

2024 жылғы қараша айында жалпы білім беретін мектептерге арналған "Ақбота" зияткерлік олимпиадасына (жаратылыстану – математикалық бағыт) мектептің 8 сынып оқушылары белсенді қатысып, 18 оқушы жүлделі болды. Оның ішінде 1 орын – 5, 2 орын – 2, 3 орын – 11 оқушы иеленді. Жетекшілері: Шалабаева А.Б., Кусспекова К.М., Маженова А.А., Торсунова Б.Р., Сағатай А.А., Болатов Б.Ж., Нығметжан Ж.С., Караманова Г.М. Тиімділігі: 100%.

Ғылыми жобалар конкурстары:

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11(12) сынып оқушыларына арналған республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңіне 15 жобамен 17 оқушы қатысты. Облыстық деңгейде 13 жоба жүлделі орынға және 1 грамотаға қол жеткізді. Келесі кезең тестілеу мен сараптамадан жаратылыстану – математикалық бағыттан 3 жоба: техника секциясы – Қайролла Асанали, химия секциясы – Саркен Айғаным, қоршаған ортаны қорғау секциясы – Базарқұл Мадияна республикалық деңгейге өтті.

Қоғамдық – гуманитарлық бағыттан тіл білімі (қазақ) секциясы – Бегзан Зерде мен Дүйсенбек Ақерке, тіл білімі (орыс) секциясы – Сейсен Әлима және тіл білімі (ағылшын) секциясы – Жунусова Аружан республикалық деңгейде жолдама алды. Нәтижесінде Базарқұл Мадияна – грамота, Жунусова Аружан – 2 орын, Бегзан Зерде мен Дүйсенбек Ақерке, Сейсен Әлима – 3 орынды иеленді. Жетекшілері: биология пәні мұғалімі Маженова А.А., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ахат А.Д., орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жетпісбаева К.Б., ағылшын тілі пәні мұғалімі Мухамеджанов И.Т.

Гылыми жобалардың мамандандырылған конкурстары:

5-8 сынып оқушыларына арналған "ProEco" экологиялық жобалар конкурсының сырттай облыстық конкурсына 2 бағыт бойынша 3 оқушы қатысты. Оның ішінде 1 командалық жұмыс және 1 жеке жұмыс. Облыстық кезеңде командалық жұмыспен 8 сынып оқушылары Дотей Айым және Кадирбекова Дария 2 орынды иеленсе, жеке жұмыспен 8 сынып оқушысы Карпыкова Айлина 1 орынды иеленді. Жетекшісі: Торсунова Б.Р. Тиімділігі 100%.

Карпыкова Айлина республикалық деңгейге жолдама алды, 2025 жылғы 29-30 сәуір күндері Астана қаласында өткізілген "ProEco" экологиялық жобалар байқауына қатысып, сертификатпен марапатталды.

9-10 сынып оқушыларына арналған жас тарихшылардың "Менің шағын Отаным" атты республикалық интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңіне 4 оқушы қатысып, Кабылжапарова Махаббат 2 орынды иеленді. Жетекшісі: Әдей Ж. Тиімділігі: 25%.

Шығармашылық байқаулар:

2024 жылдың 21 – 23 қазан күндері шығармашыл оқушылар арасындағы "Ақберен" республикалық өнер байқауының облыстық кезеңіне 5 оқушы қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Оның ішінде 2 орын – 1, 3 орын – 2. Құлшымбек Қарлығаш 2 орын иегері атанса, Исламбекова Аружан мен Әбдрайым Әлайдар 3 орынды иеленді. Жетекшілері: Онгарбай Ж., Муратов М.Б. Тиімділігі: 60%.

11 – 13 мамыр күндері "Мәшһүр Жұсіп оқулары" республикалық конкурсының облыстық кезеңі өткізілді. Аталған байқауда 5 оқушы бақ синасты. Нәтижесінде 4 оқушы жүлделі болды, оның ішінде 2 орын – 1, 3 орын – 2, грамота – 1.2 орынды 11 сынып оқушысы Әбдрайым Әлайдар, жетекшісі Муратов М.Б., 3 орынды 10 сынып оқушылары Каиржанова Перизат, Кабылжапарова Махаббат, жетекшісі Онгарбай Ж., грамотаны 9 сынып оқушысы Бегзан Зерде, жетекшісі Ахат А.Д иеленді. Тиімділігі: 80%

2 – 4 сәуір күндері 8-11 сынып оқушылары арасында өткізілген "Ілияс Жансүгіров оқулары" республикалық конкурсының облыстық кезеңінде Абай мектебінің 5 оқушысы бақ синасты. Нәтижесінде «Ілияс – эпик ақын» номинациясында 10 сынып оқушысы Аманжол Аяжан – 2 орын, «Сұлу сөздің сүлейі» номинациясында 10 сынып оқушысы Амангелді Мерей – 3 орынды иеленді. Жетекшісі: Онгарбай Ж. Тиімділігі: 40%.

2025 жылғы 4-6 мамыр аралығында өткізілген "Абай оқулары" республикалық шығармашылық конкурсының облыстық кезеңіне жалпы 5 оқушы қатысып, Сабыр Айсултан мен Серикова Дильназ 3 орынды иеленсе, Арын Нұрсөүле грамотамен марапатталды. Тиімділігі: 40% құрады. Жетекшілері: Онгарбай Ж., Ахат А.Д., Даuletкалиева Т.Б.

Аталған мерзімде «Махамбет оқулары» байқауының облыстық кезеңіне мектептен 5 оқушы қатысты. Нәтижесінде Ашкенова Нургуль – 1 орын, жетекшісі Онгарбай Ж., Жаналы Самат – 2 орын, жетекшісі Муратов М.Б. иеленді. Тиімділігі: 40%.

2025 жылдың 24 – 26 ақпан аралығында "М.Мақатаев оқулары" конкурсының облыстық кезеңі өтті. Облыстық кезеңде мектебіміздің 3 оқушысы бақ синасты. Нәтижесінде 8 сынып оқушысы Жаналы Самат, жетекшісі Муратов М.Б. және 10 сынып оқушысы Құлшымбек Қарлығаш, жетекшісі Онгарбай Ж. 2 орынға ие болды. Тиімділігі: 67%.

"I. Есенберлин оқулары" байқауының облыстық кезеңінде мектебіміздің 2 оқушысы бақ сынасты. Нәтижесінде 9 сынып оқушысы Айтқожа Ерасыл – 1 орын, жетекшісі Даuletкалиева Т.Б., 10 сынып оқушысы Жалынбек Аяжан – грамотамен, жетекшісі Онгарбай Ж. марапатталды. Тиімділігі: 50%.

Республикалық "Кенгуру" ойын-конкурсына 7 сынып оқушылары қатысып, 3 орынды – Есенжол Айша, жетекшісі Шалабаева А.Б., 2 орынды – Алтынбек Сағыныш, жетекшісі Күспекова К.М. иеленді. Тиімділігі: 100%.

"Бояулар құпиясы" жас суретшілердің республикалық байқауының облыстық кезеңіне мектептің 3 оқушысы қатысып, 100% тиімділікті көрсетті. Оның ішінде Зейнолла Сымбат – 2 орын, Сматов Дінмұхаммед пен Амантай Жазира – 3 орында иеленді. Жетекшісі: Шаяхметова С.С.

«Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық байқауының облыстық кезеңінде оқушылар жүлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда, Саркен Айғаным – 1 орын, жетекшісі Әдей Ж., Маратова Жансая – 2 орын, жетекшісі Торсунова Б.Р., Бақыткерей Мәди – 3 орын, жетекшісі Каратаев Е.А., Башарова Фариза – 3 орын, жетекшісі Әдей Ж. Тиімділігі 100%.

«Менің Отаным – менің бастамам» облыстық шығармашылық жобалар байқауына да Абай мектебінің оқушылары белсенді қатысты. Жалпы 7 оқушы қатысып, барлығы жүлделі болды. 1 орын – 2, Саркен Айғаным, жетекшісі Әдей Ж., Амангелді Мерей, жетекшісі Кайржанова М.Н., 2 орын – 4, Аманжол Аяжан, Алдыкова Айна жетекшімі Кайржанова М.Н., Базарқұл Мадияна, жетекшісі Әдей Ж., Баянбай Әмина, жетекшісі Шаяхметова С.С., 3 орын – 1, Қабақбай Ұлжан, жетекшісі Әдей Ж. Тиімділігі: 100%.

Облыстық жас тарихшылар мен өлкетанушыларының зерттеу жұмысы байқауында Абай мектебі оқушылары қатысып, 1 орынды 10 сынып оқушысы Ашкенова Нургұль алса, 2 орынды 7 сынып оқушысы Фалым Марғұлан иеленді. Жетекшісі: Әдей Ж. Тиімділігі: 50%.

«Бұл жер-сенікі және менікі» облыстық табиғат білгірлерінің турнирінде мектебіміздің 8 сынып оқушылары биология пәні мұғалімі Маженова А.А. жетекшілігімен Маратова Жансая, Темеш Мирас пен Ережепов Санжар қатысты. Нәтижесінде мектеп командасы 2 орынға ие болды және Маратова Жансая мен Темеш Мирас 2 орынды, Ережепов Санжар 3 орынды иеленді. Тиімділігі 100%.

«Тұған өлкенің жер қойнауының байлығы» жас геологтар байқауына 10 сынып оқушысы Ашкенова Нургұль қатысып, 1 орынды иеленді. Жетекшісі Нығметжан Ж.С.

«Алтын қазына» көркем және сәндік қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының облыстық көрме байқауына көркем еңбек пәні мұғалімі Шаяхметова С.С. жетекшілігімен 7 сынып оқушысы Хасен Жаным қатысып, 3 орынды жеңіп алды.

«XXI ғасырдың жас психологтары» атты оқушылар мен студенттер арасындағы облыстық байқауына Ақтан Меруерт «Ғылыми-зерттеу жұмысы» номинациясы бойынша 2 орын, «Тестілеу» номинациясы Кабылжапарова Махаббат, Каиржанова Перизат 3 орын иеленсе, мектеп командасы 1 дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Рысмагамбетова А.М.

Абай желілік мектептері арасында өткізілетін байқаулар:

29-30 қазан күндері Көкшетау қаласында Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатан) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты базасында өткен V Республикалық «Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысы...» шешендік өнер байқауына Шаменова Фариза мен Жанузак Ажар жүптасып қатысып, 3 орынды және 30 000 тенге сертификатты иеленді. Жетекшілері: Онгарбай Ж, Муратов М.Б. Тимілідігі: 100%.

17 -18 сәуір күндері Шымкент қаласында өткен VI Республикалық «Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысы...» шешендік өнер байқауына мектебіміздің 9 сынып

окушылары Дүйсенбек Ақерке мен Имантай Жансұлу қатысып, жүлделі 2 орынды жеңіп алды. Жетекшісі Ахат А.Д. Тимілідігі: 100%.

«Ділмар» республикалық шешендік өнер байқауына 9 сынып оқушысы Дүйсенбек Ақерке қатысып, сертификатпен марапатталды. Жетекшісі: Ахат А.Д.

«Ділмар» республикалық шешендік өнерді дамыту клубының «Ойлы оқырман» жобасына 10 сынып оқушысы Жақсылық Даюна қатысып, жүлделі I орынға ие болды.. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Онгарбай Жұлдыз.

Абай желілік мектептері арасында өткізілген «Ділмар – ғибрат» жобасының «Даналық дәнекері» номинациясымен 10 сынып оқушысы Ашкенова Нургуль Алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі: Онгарбай Ж.

Республикалық Абай желілік мектептері 5-11 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған «Абайдың қара сөздері – асыл мұра» атты қарасөз оқу байқауында 10 сынып оқушысы Мекенбек Ақмарал жүлделі 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Онгарбай Ж.

Республикалық Абай желілік мектептері 8-10 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған «Шындықтың шырақшысы – Шер-аға» атты шығармашылық байқауының «Рух пен намыстың төресі» бағыты бойынша Құлшымбек Қарлығаш 2 дәрежелі дипломмен, «Жұлдызы нұрлы суреткер» бағыты бойынша Амангелді Мерей 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Онгарбай Ж.

Конференциялар:

2025 жылғы 26-27 ақпан аралығында онлайн-форматта өткен «Әділетті қоғам: саяси қағидаттар және құндылықтар жүйесі» семинар-тренингіне мектебіміздің 6 оқушысы қатысты. Ерекше жетістіктер көрсеткен оқушылар Алғыс хаттармен марапатталды. Жетекшісі: Әдей Ж.

2025 жылғы 9 сәуір күні Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде өткен «Мектеп және университет: ғылыми ынтымақтастық көкжиегі» атты ғылыми – тәжірибелік конференциясында 1 дәрежелі дипломмен Ережепов Санжар мен Темеш Мирас химия секциясы бойынша марапатталса, 2 дәрежелі дипломмен Баянбай Әмина тіл білімі (орыс) секциясы бойынша жүлдегер атанып, марапатталды. Жетекшісі: Жетписбаева К.Б., Сагатай А.А.

2025 жылғы 9-11 сәуір күндері Астана қаласында өткен «Ғылыми білім, инновация және жастар» халықаралық конкурстарының женімпаздары – оқушылардың III Халықаралық ғылыми форумына онлайн форматта 9 сынып оқушылары Базарқұл Мадияна мен Кайрбек Медина қатысты. Нәтижесінде қатысушылар сертификаттармен марапатталды. Жетекшілері: Маженова А.А., Мухамеджанов И.Т.

2025 жылғы 16 мамыр күні Алматы қаласында ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы елімізде алғаш рет Жас зерттеушілер форумын өткізді. Форум аясында оқушылар өздерінің ғылыми-зерттеу жобаларын ұсынатын ашық алаң жұмыс істеді. Форум нәтижесі бойынша ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы жанынан Жас зерттеушілер академиясы құрылатын болады. Ақмола облысы атынан мектебіміздің 4 оқушысы қатысты: 8 сынып оқушысы Жунусова Аружан, 9 сынып оқушылары – Бегзан Зерде мен Дүйсенбек Ақерке, 10 сынып оқушысы – Сейсен Әлима. Жетекшілер: Мухамеджанов И.Т., Ахат А.Д., Жетписбаева К.Б.

2025 жылғы 27 мамыр күні Көкшетау қаласында "ДАРЫНДЫ ҰРПАҚ - ЕЛ БОЛАШАФЫ" тақырыбында халықаралық, республикалық интеллектуалдық жарыстардың женімпаздарымен кездесуіне Абай мектебінің 8 - 11 сынып оқушыларының республикалық зияткерлік олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың женімпаздары Сейсен Әлима, Касенова Дария, Құлшымбек Қарлығаш, Жунусова Аружан, Бегзан Зерде және Дүйсенбек Ақерке ақшалай сертификаттармен марапатталды. Республикалық олимпиаданың алтын медаль иегері Сейсен Әлимаға 100 000 теңге сомасында ақшалай сертификат, күміс медаль иегерлері Касенова Дария мен Жунусова Аружанға 80 000

теңге сомасында ақшалай сертификат және қола медаль иегерлері Құлшымбек Қарлығаш, Бегзан Зерде мен Дүйсенбек Ақеркеге 50 000 теңге сомасында ақшалай сертификат табыс етілді. Кездесуде Құлшымбек Қарлығаш сөз сөйлеп, жеңіске жетудің жолдарын айтып, ұстазына, мектебіне деген алғысын айтты, оған қоса оқушыларды олимпиадалар мен зияткерлік сайыстарға қатысуға шақырды.